**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Мамыр айы 2026 жыл 4 апта**

**Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.**
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы
**Мектепке дейінгі ұйымы:** «АйКүн» бөбекжай балабақшасы
**Топ:** Ересек «Балапан» тобы
**Балалардың жасы:** 4 жас
**Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету):** 25 мамыр айы– 29 мамыр айы, 2026 оқу жылы
**Тәрбиеші**:Бердонғарова А.Б
**Апта дәйек сөзі:** «Бірлік бар жерде - тірлік бар»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 25.052026 ж | Сейсенбі 26.05.2026 ж | Сәрсенбі 27.05.2026 ж | Бейсенбі 28.05.2026 ж | Жұма 29.05.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі: «Сарыарқа» - Құрманғазы Сағырбайұлы Сарыарқа** https://www.youtube.com/watch?v=mc5Xufpq9Sg<br>**«Аққу»- Қаршыға Ахмедьяров** https://yandex.kz/video/preview/2621977490695501655 | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Әңгіме құра»<br>Шарты: Балалар суретке қарап қысқа әңгіме құрастырады<br>Коммуникативтік әрекет | «Жүгір де тоқта»<br>Шарты: Балалар белгі бойынша жүгіріп белгі берілгенде бірден тоқтайды<br>Қимыл әрекеті | | «Түстерді ажырат»<br>Шарты: Балалар түрлі түстерді ажыратып атап береді<br>Танымдық әрекет | «Жапсыру»<br>Шарты: Балалар пішіндерді ретімен орналастырып қағазға жапсырады<br>Бейнелеу әрекеті |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды алға, жоғары, жан- | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: «Дұрыс жауап берейік»**<br>Балаларды жауаптың дұрыстығын | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды кезекпен көтеру, қолды кеуде тұсына қою, | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау:**<br>Ән мен күйді тыңдап, толық салыстыру және өз әсерін айту.<br>**Ән айту:**<br>Әнді өз бетінше | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды артқа апару, төмен түсіру, қолды жан-жаққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаққа көтеру және түсіру, қолды белге қойып алға-артқа сермеу, тізерлеп отырып допты айналдыра домалату, 4–5 рет жартылай отырып-тұру арқылы бұлшық еттерді дамыту.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Допты бір-біріне домалату, 2–3 метр қашықтықтан нысанаға лақтыру, допты жоғары | анықтауға, қателіктерді табуға және оларды түзетуге үйрету. Балалар дұрыс және қате жауапты ажыратып, өз ойларын негіздеп айтуға дағдыланады.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>**Барлық дыбыстарды анық айту:**<br>Балалар сөздерді анық, дұрыс дыбыстап айтуға жаттығады. Сөйлеу барысында дыбыстардың бұрмаланбауына көңіл бөлінеді.<br>**Сөздік қор:** | бір аяқты көтеріп затты қолдан қолға беру, екі аяқты кезекпен алға қою арқылы үйлесімділікті дамыту.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Допты кедергілер арқылы лақтыру, бір қолмен және екі қолмен қағып алу, нысанаға дәлдеп лақтыру арқылы қозғалыс дағдыларын жетілдіру.<br>**Қимылды ойындар**<br>«Кім мерген?» ойыны: балалар белгіленген нысанаға доп лақтырып, дәл тигізуге тырысады.<br>**Сауықтыру-шынықтыру** | бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Сахналау элементтерімен толық орындау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Металлофонда топтық орындау.<br>**Билер:**<br>Толық би композициясын орындау.<br>**Ойын:**<br>«Музыкалық оркестр» – балалар аспаптармен бірігіп ойнап, бір ырғақта орындау | созу, екі қолды белге қойып отырып-тұру, тізерлеп отырып допты домалату арқылы дене бұлшық еттерін дамыту.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Допты бастан асыра лақтыру, бір-біріне беру және қағып алу, қозғалыс кезінде допты басқару арқылы ептілікті жетілдіру.<br>**Қимылды ойындар**<br>«Допты ұстап ал» ойыны: балалар допты лақтырып, қағып алу арқылы жылдамдық пен зейінді дамытады.<br>**Сауықтыру-шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтырып қағып алу арқылы дәлдік пен үйлесімділікті қалыптастыру.<br>**Қимылды ойындар**<br>«Допты дәл жеткіз» ойыны: балалар допты бір-біріне беріп, белгіленген орынға жеткізеді, жылдамдық пен ұйымшылдық дамиды.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Таза ауада | **Ертегі мен әңгіме сөздерін қолдану:** Балалар ертегі мен әңгімелерде кездесетін сөздерді қолданып, өз сөздік қорын кеңейтеді. Мысалы: кейіпкер, оқиға, сиқыр, орман, достық.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы: Жай және жайылма сөйлемдерді қолдану:** Балалар қысқа және толық сөйлемдерді дұрыс құрастырып, ойын нақты жеткізеді.<br>**Байланыстырып сөйлеу: Өз ойын** | **шаралары**<br>Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, жеңіл жаттығулар орындау.<br>**Жалпақ табанның алдын алу**<br>Жалаң аяқ жүру, арнайы төсеніште жүру, аяқпен ұсақ заттарды жылжыту арқылы табанды шынықтыру. | | **шаралары**<br>Су процедуралары, таза ауада қозғалу, жеңіл жаттығулар арқылы ағзаны шынықтыру.<br>**Жалпақ табанның алдын алу**<br>Аяқ ұшымен, өкшемен жүру, табанмен доп домалату арқылы табан бұлшық еттерін нығайту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығу, жеңіл жүру, серуендеу арқылы денсаулықты нығайту. **Жалпақ табанның алдын алу** Өкшемен және аяқ ұшымен жүру, табанмен доп домалату арқылы табан бұлшық еттерін күшейту. | **толық жеткізу, дұрыс жауап ұсыну:** Балалар сұраққа толық жауап беріп, өз ойларын түсінікті түрде жеткізеді және дұрыс жауапты ұсынады. **Әдіс-тәсілдер: Талдау, диалог, сұрақ-жауап:** Балалармен бірге жауаптарды талдау, сұрақ қою арқылы ойландыру, диалог арқылы дұрыс шешімге келу. **Тапсырмалар: Қате сөйлемді түзету. Дұрыс нұсқасын айту:** Балаларға қате сөйлемдер | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | беріледі, олар қателікті тауып, дұрыс нұсқасын айтады.<br>Мысалы: «Қоян ұшады» → «Қоян секіреді».<br>**Ойын: «Қате қайда?»**<br>**Ойын шарты:** Балаларға қате жауап немесе сөйлем ұсынылады. Олар қателікті тауып, неге қате екенін түсіндіріп, дұрыс жауабын айтады.<br><br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** Әртүрлі күйлерді тыңдап, салыстыру. Иллюстрациямен сәйкестендіру.<br>**Ән айту:** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Әнді мәнерлеп, қимылмен орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Қимыл қарқынын өз бетінше таңдау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**<br>Металлофонда таныс әуенді қайталау.<br>**Билер:**<br>Атрибуттармен би композициясын орындау.<br>**Ойын:**<br>«Музыканы сез» – музыкаға қарап көңіл күйін қимылмен көрсету. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Апталық дәйексөз «Жаз – табиғаттың ең көркем мезгілі.» Тіл дамыту «Жазды қарсы аламыз»** Балаларды жаз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру (күннің жылынуы, гүлдердің гүлдеуі, жәндіктердің көбеюі). Сөздік қорын «жаз», «күн», «ыстық», «гүл», «көбелек», | **Тіл дамыту «Жаздағы ойындар»** Балаларды жаз мезгілінде ойналатын ойын түрлерімен таныстыру (доп ойнау, жүгіру, секіру, су шашу). Сөздік қорын «ойнаймыз», «жүгіреміз», «секіреміз», «көңілді», «достармен» сөздерімен байыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, «о», «с» дыбыстарын дұрыс айту. Сөйлем құрау, өз ойын толық | | **Тіл дамыту «Жемістер әлемі»** Балаларды жаз мезгілінде пісетін жемістермен таныстыру (алма, алмұрт, өрік, шие). Жемістердің түсін, пішінін, дәмін сипаттауға үйрету. Сөздік қорын «тәтті», «дәмді», «шырынды», «пайдалы» сөздерімен байыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, «ж», «ш» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру, сол дыбыстардан басталатын сөздерді ажырату. Сөйлем құрау, әңгіме айту дағдыларын дамыту. Ойын әрекеті: «Дәмін тап» – балалар көзін жұмып, жемісті | **«Табиғатты қорғайық.»** **Тіл дамыту «Жазғы демалыс»** Балаларды жазғы демалыс туралы әңгіме құрауға үйрету (өзенге бару, орманда серуендеу, ойнау). Сөздік қорын «демалыс», «өзен», «орман», «күн», «серуен» сөздерімен байыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Сөйлем құрау, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Ойын әрекеті: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «шөп» сөздерімен байыту. «ж» дыбысын анық айтуға жаттықтыру, сол дыбыстан басталатын сөздерді ажырату. Балаларды сұраққа толық жауап беруге, сөйлем құрауға үйрету. Ойын әрекеті: «Жазда не болады?» – тәрбиеші сипаттайды, балалар сәйкес қимылмен көрсетеді; «Күн шықты» | жеткізу дағдыларын дамыту. Ойын әрекеті: «Қимылды қайтала» – тәрбиеші көрсеткен қимылды балалар қайталайды; «Кім жылдам?» – жүгіру, секіру арқылы жарысу; «Ойынды ата» – сурет бойынша ойын түрін айту. Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрнекілік, TRIZ «Егер ойын болмаса балалар не істер еді?»<br><br>**Көркем әдебиет «Жаз туралы өлеңді қайталау»** Балаларға өлеңді | | табады; «Сипатта да тап» – сипаттама арқылы жемісті анықтау; «Қай жеміс?» – сурет бойынша атау. Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрнекілік, TRIZ «Егер жемістер болмаса не болар еді?»<br><br>**Көркем әдебиет «Жемістер туралы мәтінді мазмұндау»** Балаларды тыңдалған қысқа мәтіннің мазмұнын ретімен айтуға үйрету. Кейіпкерлердің әрекетін түсіну, мазмұнын дұрыс жеткізу. Ойын: «Кім не жеді?», «Жалғастыр» Әдіс-тәсілдер: | «Қайда бардың?» – балалар өз ойларын айтады; «Әңгіме құрастыр» – сурет бойынша әңгіме құрау; «Кім тез айтады?» Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, сұрақ-жауап, TRIZ «Егер табиғат болмаса не болар еді?»<br><br>**Көркем әдебиет «Жаз туралы өлеңді мәнерлеп айту»** Балаларды өлеңді жатқа, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонацияны, кідірісті дұрыс қолдану. Ойын: «Кім жақсы айтады?», «Жалғастыр» Әдіс-тәсілдер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – қимылды ойын.<br>Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, сұрақ-жауап, көрнекілік, TRIZ «Егер жаз болмаса не болар еді?»<br><br>**Көркем әдебиет «Жаз туралы өлең»**<br>Өлең мазмұнын тыңдау, түсіну, жатқа айту. Интонацияны дұрыс сақтап, мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Ойын: | жатқа айтқызу, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонацияны, кідірісті дұрыс қолдану. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру.<br>Ойын: «Жалғастыр», «Кім мәнерлі айтады?»<br>Әдіс-тәсілдер: мәнерлеп оқу, қайталау, талдау<br><br>**Қазақ тілі «Ойын туралы әңгіме»**<br>Балаларды ойын туралы әңгіме құрауға үйрету. Жай және жайылма сөйлемдермен өз ойын жеткізу. Қазақ тіліне тән | | мазмұндау, сұрақ-жауап, талдау<br><br>**Қазақ тілі «Жемісті сипаттаймыз»**<br>Балаларды жемістерді жай және жайылма сөйлемдермен сипаттауға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Диалог құру дағдыларын дамыту.<br>Ойын: «Қандай жеміс?», «Сұрақ қой – жауап бер»<br>Әдіс-тәсілдер: диалог, сөздік ойын<br><br>**Математика негіздері «Жемістерді санаймыз»**<br>Балаларды 1–5 дейін санауға жаттықтыру. Жемістерді санап, | мәнерлеп оқу, қайталау<br><br>**Қазақ тілі «Жаз туралы диалог»**<br>Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Жай сөйлемдермен өз ойын жеткізу. Қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту.<br>Ойын: «Сұрақ қой – жауап бер», «Сөйлеп көр»<br>Әдіс-тәсілдер: диалог, сөздік ойын<br><br>**Математика негіздері «Кеңістікте бағдарлау»**<br>Балаларды кеңістік бағыттарын анықтауға үйрету (оң, сол, алда, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Жалғастыр», «Кім мәнерлі айтады?»<br>Әдіс-тәсілдер: мәнерлеп оқу, қайталау, рөлдік оқу<br><br>**Қазақ тілі «Жазды сипаттаймыз»**<br>Балаларды жаз мезгілін сипаттауға үйрету. Жай және жайылма сөйлемдер құрау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту (ө, ү, ұ, і, қ, ғ).<br>Ойын: | дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ).<br>Ойын: «Сұрақ қой – жауап бер», «Қандай ойын?»<br>Әдіс-тәсілдер: диалог, сөздік ойын<br><br>**Математика негіздері «Реттік санау»**<br>Балаларды 1–5 дейін реттік санауға үйрету (бірінші, екінші, үшінші...). Заттарды ретімен орналастыру, «нешінші?» сұрағына жауап беру.<br>Ойын: «Нешінші тұр?», «Орнын тап», «Қатарға | | «барлығы қанша?» сұрағына жауап беру. Заттарды салыстыру (көп-аз, үлкен-кіші).<br>Ойын: «Жемісті сана», «Қайсысы көп?», «Жұбын тап»<br>Әдіс-тәсілдер: салыстыру, топтастыру, практикалық жұмыс<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Жемістердің пайдасы»**<br>Балаларды жемістердің адам денсаулығына пайдасымен таныстыру. Дұрыс тамақтану туралы түсінік беру.<br>Ойын: «Пайдалы–пайдасыз», «Не үшін қажет?»<br>Әдіс-тәсілдер: | артта, жоғары-төмен).<br>Ойын: «Қай жерде?», «Орнын тап», «Жасырынған затты тап»<br>Әдіс-тәсілдер: практикалық жұмыс<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Табиғатты қорғау»**<br>Балаларды табиғатты қорғауға үйрету (қоқыс тастамау, өсімдікті жұлмау). Экологиялық тәрбие беру.<br>Ойын: «Дұрыс-бұрыс», «Не істеу керек?»<br>Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Сипатта да тап», «Не өзгерді?» Әдіс-тәсілдер: диалог, сөздік ойын<br><br>**Математика негіздері «Гүлдерді санаймыз»** Балаларды 1–5 дейін санауға жаттықтыру. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беру. Гүлдерді жұппен салыстыру (тең/тең емес). Ойын: «Гүл жинаймыз», | тұрғыз» Әдіс-тәсілдер: салыстыру, топтастыру, практикалық жұмыс<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Күннен қорғану»** Балаларды жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру (бас киім кию, су ішу, көлеңкеде болу). Ойын: «Дұрыс-бұрыс», «Қалай қорғанамыз?» Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық | | әңгімелесу, бақылау<br><br>**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды бағбан еңбегімен таныстыру. Еңбек арқылы жеміс өсірілетінін түсіндіру. Табиғатты күту әр адамның міндеті екенін ұғындыру. Ойын: «Бағбан боламыз», «Жеміс жинаймыз» | бақылау, тәжірибе<br><br>**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Табиғатты қорғау – әр адамның міндеті екенін түсіндіру. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Ойын: «Қорғаушы боламыз» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Жұбын тап»<br>Әдіс-тәсілдер: топтастыру, салыстыру, практикалық жұмыс<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Жазғы табиғат» Жасанды интеллект элементі: «Ақылды табиғат зерттеушісі»**<br>Мақсаты: Балалардың жаз мезгіліндегі табиғат өзгерістері, өсімдіктер мен | тапсырма<br><br>**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие**<br>Балаларды спортшы мамандығымен таныстыру. Денсаулықты сақтау әр адамның құқығы екенін түсіндіру.<br>Ойын: «Спортшы боламыз» | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жәндіктер туралы білімдерін кеңейту, бақылау және салыстыру дағдыларын дамыту.<br><br>Өту барысы:<br><br>Тәрбиеші жасанды интеллект көмегімен жаз мезгілінің табиғаты, гүлдер, ағаштар, жәндіктер және олардың мекендейтін орындары бейнеленген суреттерді көрсетеді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ақылды табиғат зерттеушісі» балаларға сұрақтар қояды:<br><br>Бұл қай жәндік?<br><br>Ол қайда тіршілік етеді?<br><br>Жазда табиғатта қандай өзгерістер болады?<br><br>Балалар суреттерді бақылап, жауап береді және «Кім қайда тұрады?» ойынында | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс сәйкестендіреді.<br>Тәжірибе барысында өсімдіктің өсуіне су мен күннің әсерін бақылайды. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Мамыр айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, | | | | |

| | |
|---|---|
| | үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа  толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас** |

| | тәрбие бағдарламасы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Бағбан еңбегімен таныстыру. Табиғатты күту әр адамның міндеті екенін түсіндіру. Ойын: «Гүл отырғызамыз»<br><br>**Қаржылық сауаттылық «Жеміс дүкені»** Жемістердің еңбек нәтижесі екенін | **Қаржылық сауаттылық «Дүкен»** Балаларды ойыншықтар мен спорттық құралдарды сатып алу әрекетімен таныстыру. Ойын: «Сатып ал – сат», «Кім сатушы?»<br><br>**Сурет салу «Жазғы ойын»** Балаларды ойын көрінісін бейнелеуге үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру. Әдіс: дәстүрден тыс сурет салу **Мүсіндеу «Доп»** – домалақтау, тегістеу | | **Қаржылық сауаттылық элементі «Жеміс дүкені»** Балаларды сатып алу-сату әрекеттерімен таныстыру. Жемістердің еңбек нәтижесі екенін түсіндіру. Ойын: «Сатып ал – сат», «Сатушы–сатып алушы»<br><br>**Сурет салу «Жемістер»** Балаларды жемістерді бейнелеуге үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру. Әдіс: дәстүрден тыс сурет салу **Мүсіндеу «Алма»** – домалақтау, тегістеу **Жапсыру «Жеміс себеті»** – композиция | **Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»** Балаларды сатып алу-сату әрекеттерін бекіту. Табиғи өнімдердің құндылығын түсіндіру. Ойын: «Сатып ал – сат»<br><br>**Сурет салу «Жазғы демалыс»** Балаларды демалыс көрінісін бейнелеуге үйрету. Түстерді үйлестіру. Әдіс: шығармашылық жұмыс **Мүсіндеу «Композиция»** – бірнеше бөлікті біріктіру **Жапсыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру.<br>Ойын: «Сатып ал – сат»<br><br>**Сурет салу «Күн мен гүлдер»**<br>Түстерді араластыру арқылы сурет салу<br>Әдіс: дәстүрден тыс әдіс<br>**Мүсіндеу «Күн»** – домалақтау, тегістеу<br>**Жапсыру «Гүлдер»** – композиция<br>**Құрастыру «Бақша»** – кеңістікте орналастыру | **Жапсыру «Ойын алаңы»** – композиция<br>**Құрастыру «Алаң»** – кеңістікте орналастыру | | **Құрастыру «Бақша»** – кеңістікте орналастыру | **«Ұжымдық жұмыс»** – топтық жұмыс<br>**Құрастыру «Демалыс орны»** – кеңістікте орналастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дәмелі мен бірге мүсін жасау<br>Шарты: Бала қысу тарту басу әдістерімен қарапайым зат мүсіндейді | Айламен бірге ою жапсыру<br>Шарты: Бала пішіндерді ретімен орналастырып жапсырады | Жанармен бірге құрастыру<br>Шарты: Бала құрылыс материалдарынан өз ойымен құрастырады | | Абзалмен қауіпсіздік ережесін қайталау.<br>Шарты: Бала қауіпсіздік ережелерін айтады және дұрыс әрекетті көрсетеді |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, кол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Сақина салу»<br>Шарты: Бір бала сақина жасырады Қалғандары кімде екенін | «Аю мен балалар»<br>Шарты: Бір бала аю болады Балалар аюды оятып қашады Аю балаларды ұстайды | | «Жіптен секір»<br>Шарты: Балалар жіптен кезекпен секіріп өтеді Құламай өткен бала жеңеді | «Қуып жет»<br>Шарты: Бір бала қашады Қалғандары оны қуып жетуге тырысады Кім ұстаса сол қашатын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табады | | | | бала болады |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |